

"Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 27 мамырдағы № 378 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 28 ақпандағы № 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 наурызда № 27035 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2023 жылғы 10 ақпандағы № 97 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 10.02.2023 № 97 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 27 мамырдағы № 378 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18744 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықта:

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Әскери инфрақұрылым бас басқармасы мыналарды орнатуды, қызмет көрсетуді және жөндеуді:

- 1) автоматты өрт дабылдамасын;
- 2) автоматты өрт сөндіру жүйелерін;
- 3) найзағайдан қорғау құрылғыларын;
- 4) сыртқы және ішкі өртке қарсы сумен жабдықтауды (өрт сөндіру крандары, гидранттар, су тоғандары);

5) электр шаруашылығын;

б) жанар-жағармай материалдары қоймалары жерүсті резервуарлары топтарының, зымырандарды, қару мен оқ-дәрілерді сақтау орындарының айналасына топырақ үюді қамтамасыз етеді.";

207-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"207. Оқ-дәрілерді жөндеу және жиынтықтау цехы үшін өрт шығу және жарылу тұрғысынан жарылу қауіптілігінің санаты белгіленген. Өрт

ошақтарының мүмкін болатын жарылыстармен елеулі қашықтыққа ұшуы және таралуы тұрғысынан аса қауіпті.

"Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24045 болып тіркелген) сәйкес оқ-дәрілері жоқ немесе құрамында жарылғыш заттары, дәрілері, пиротехникалық құрамдары және олардан жасалған бұйымдары жоқ оқ-дәрілері бар ғимараттар, құрылыстар (сақтау орындары) және үй-жайлар өрт-жарылыс және өрт қауіптілігі бойынша санаттарға бөлінеді."

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Тыл және қару-жарак бастығының басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі*

Р. Жаксылыков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрлігі
